

Анықтама

Мектеп кітапханасында 7-10 сынып оқушыларының қатысуымен ағымдағы жылдың 1 желтоқсан күні «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Нашақорлықтың алдын алу, балалар мен жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Кітапхана оқырмандары көрмеге шолу барысында кітапхана қорындағы денсаулық, экология, салауатты өмір салты, нашақорлық және оның зияны туралы кітаптармен танысты. Кітап көрмесінен А.Субханбердиннің «Есірткі – қазіргі заман кеселі», А.Габиянидың «На краю пропасти: наркомания и наркоманы», В.Михлиннің «Абайлаңыз, ақ өлім», Э.Бабаянның «Есірткі туралы оқу құралы» кітаптары, «Есірткісіз болашақ» халықаралық конференция жинағы, А.Макеевтің «Қайғыға жол бермеу», Е. Біртановтың «Есірткімен уланудың түрлері», Г.Жетписбаевтың «Валеология» оқулықтары орын алды. Сондай-ақ, адамзатқа нашақорлықтың зардабы, салауатты өмір, есірткіні қолдануға қарсы ұстамдылыққа шақыру туралы мерзімді басылымдар беттеріндегі мақалалар ұсынылды. Жастарымыз нашақорлықтың негізгі белгілер, есірткі түрлері, есірткінің зияны, нашақорлықтың алдын алу туралы мағлұматтар алды. Кітапхана қызметкерлері нашақорлықтың әлеуметке ортақ проблема, әлі де бұл тақырыптың өткір тақырып болып қалып отырғандығын ескере отырып, жастарды салауатты өмір салтын ұстануға шақырды.

